



ХҒТАР 14.01.07
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-150-1-162-172>

Бастауыш сынып оқушыларының бойында зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру жолдары

Юджел Гелишли¹ , Күребай Б.Е.*² 

^{1,2}Гази университеті, Анкара, Түркия

(E-mail: ¹ygelisli@gmail.com, ²balzhankurebay@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын ақпараттық білім беру ортасында қалыптастыру мәселесі жан-жақты талқыланады. Зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру арқылы бастауыш сынып оқушылары сыни ойлау, аналитикалық қабілет және мәселелерді шешу дағдылары дамып, мұғалімдердің қолдауымен ғылыми жобаларға қатысып, эксперименттер жасап өзіндік ақпарат іздеу әдістерін меңгеретіндігі баяндалған. Бұл үдеріс олардың жаңа білімге деген қызығушылығын арттырып, интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал ететіндігі, ізденімпаздық, шығармашылық және жаңалыққа ұмтылысты дамыту бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін өте маңызды екендігі, осылайша, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру және белсенді білім алуға ынталандыру жүзеге асырылатындығы айтылады.

Сонымен қатар зерттеушілік, ізденімпаздық, шығармашылық және жаңалыққа ұмтылыс мәселелері қарастырылады және олардың бастауыш сынып кезеңінде дамуының маңызды екендігі көрсетіліп, ғылыми жобаларға қатысу, эксперименттер жасау және өзіндік ақпарат іздеу әдістері арқылы бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік қабілеттері дамитындығы жеткізілген.

Бұл ғылыми зерттеу жұмысы зерттеу, зерттеушілік іс-әрекет және оқушы бойындағы зерттеушілік дағдыны қалыптастыру мәселелерін қарастырады. Зерттеу – жаңа білім өндіруге бағытталған ақыл-ой процесі ретінде анықталады, ол танымдық заңдылықтар мен құбылыстарды түсінуге көмектеседі. Зерттеушілік іс-әрекет оқушылардың белгісіз нәтижелерге жету мақсатында шығармашылық-зерттеу тапсырмаларын орындауын қамтамасыз ететін оқыту-тәрбиелеу жұмысының ерекше формасы болып табылады.

Түйін сөздер: бастауыш сыныптар, зерттеу дағдылары, ақпараттық-білім беру, сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық, білім беру процесі, жаңашылдыққа ұмтылу.

Кіріспе

Бастауыш сынып кезеңі – бұл оқушылардың танымдық әрекеттерін дамытуға, өзіндік қызығушылықтарын арттыруға және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға ерекше маңызды уақыт. Осы кезеңде зерттеушілік, ізденімпаздық, шығармашылық және жаңалыққа ұмтылыс мәселелері баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуында ерекше рөл атқарады. Осы ретте, бастауыш сынып оқушыларының бойында зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруда, жаңа білімге деген қызығушылығын қалыптастыру, өзіндік білім алуға бейімдеу, тұлғаның үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету, тұтастай алғанда оқушылардың танымдық әрекеттеріне тән дағдыларды қалыптастыру мәселесі қай кезде болмасын өзекті болып табылады. Мұның себебі жобалау-зерттеу іс-әрекеті оқушы бойындағы зерттеушілік қабілетін ашу, оларды үйлесімді тұлға етіп тәрбиелеу мен дамытудың мықты құралы деп танылуда деп білеміз.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу қызметі – бұл қоршаған әлемді түсінуге, балалардың олар үшін жаңа білім мен іс-әрекет тәсілдерін ашуға бағытталған шығармашылық қызмет. Ол олардың құндылық, зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамыту үшін жағдай жасайды, оларды белсендіру, зерттелетін материалға қызығушылықты қалыптастыру құралы болып табылады, пәндік және жалпы дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, бастапқы кезеңде білім беруді дамытудың барлық кезеңдерінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып табылады, өйткені белсенділік жеке тұлғаның ақыл-ой қасиеттерін қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; ... жеке даму үшін жағдай туғызу арқылы интелектіні байыту жатады; ...оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп көрсетілген[1].

Бастауыш сынып оқушыларын ғылыми жобаларға қатысу, эксперименттер жасау және өзіндік ақпарат іздеу әдістері арқылы олардың зерттеушілік қабілеттерін дамыта алады. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық әрекеттерін, зерттеушілік дағдыларын, ізденімпаздықты, шығармашылықты және жаңалыққа ұмтылысты дамыту – олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуы олардың бойында дағдыларды дамыту арқылы сыни ойлау, аналитикалық қабілеттері жетіліп, оларды ғылыми жобаларға, эксперименттерге және өзіндік зерттеу жұмыстарына тарту танымдық қызығушылықтарын арттырып, белсенді білім алуға ынталандырады.

Ғалымдардың пікірі бойынша, зерттеушілік дағдылар – бұл баланың сыни ойлау, аналитикалық қабілет, және мәселелерді шешу дағдыларының жиынтығы. Бұл дағдыларды дамыту арқылы бастауыш сынып оқушыларының ғылымға қызығушылығын арттыруға және олардың білім алу процесін жақсартуға болады.

Философтардың пікірінше, зерттеушілік – бұл таным үдерісінің жаңа білімді меңгерудегі бір түрі және ол теориялық және эмпирикалық екі деңгейде нақтылығы, дәлелдігі, объективтілігімен, қайта жаңғыртуымен сипатталады.

Ғалым В.В. Краевский зерттеу, зерттеушілік мәселесін педагогикалық тәжірибемен байланыстыра отырып, ғылыми-зерттеу әрекетін әдіснамалық зерттеу және әдіснамалық қамтамасыз ету деп, ғылыми танымды білім жүйесі мен әрекет жүйесінің бірлігінде қарастыра отырып, педагогика ғылымының даму үдерісі мен заңдылықтары, педагогикалық зерттеулердің сапасы мен тиімділігін арттыратын тұғырлары мен әдіс-тәсілдерін нақтылап берген [2].

Бастауыш сынып оқушыларының бойындағы зерттеушілік әрекетін жүзеге асыру және зерттеушілік қабілеттерін дамыту арқылы интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін дамыту жүзеге асырылады.

Осы ретте ғалым К.Ж. Бұзаубақова «Зерттеуге үйрету» нұсқасының құрылымын 5 кезеңге бөліп ашып көрсеткен:

1-кезең. Проблемамен «соқтығысу».

2-кезең. Деректер жинау – «вертификация» (деректі меліметтерді бекіту)

3-кезең. Деректер жинау – эксперимент жасау. Зерттелетін факторларды бөлу.

4-кезең. Түсіндіру: оқушылардың өз түсініктерін тұжырымдауы, ұсынуы.

5-кезең. Зерттеу барысында талдау жасау. Жүргізілген зерттеуге сынып бойынша оралу, жүргізу барысын талдау [3].

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми әдістерінің бірі бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Бұл әдістер арқылы олардың сыни ойлау, аналитикалық қабілет және мәселелерді шешу дағдылары дамиды. Сонымен қатар, зерттеушілік әрекеттер арқылы оқушылардың жаңа білімге деген қызығушылығы артып, интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Осылайша, бастауыш сынып оқушыларының танымдық әрекеттерін жетілдіріп, оларды белсенді білім алуға ынталандырады.

Ғалым Н.Т. Сартаева бастауыш сынып оқушылары бойындағы зерттеушілік дағды, оқушының нақты деректерге, фактілерге сүйенген субъективті жаңа білім алуымен сипатталатын, ізденіс пен белсенділікті талап ететін бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық сипаттағы еңбекке ынталылығы деген анықтама берсе [4], А.М. Текесбаева зерттеулерінде, бастауыш сынып оқушыларын табиғатқа араластырып, табиғатты сезім мен әрекет арқылы қабылдауларына мүмкіндік беру және оларды табиғатты бақылауды және оның қарапайым көріністеріндегі қызықты нәрселерді көре білуге, жергілікті өлкенің ерекшеліктерін зерттей білуге, табиғаттағы маусымдық өзгерістермен олардың негізгі сипаттамаларымен таныстыру, – болып табылады деген [5]. Бұл жерден біз, бастауыш сынып оқушыларын дүниетану, жаратылыстану сабақтарында зерттеу жұмыстарын орындау барысында оқушылар бойында зерттеушілік дағдыны қалыптастыруда мүмкіндік тудыратын проблемалық жағдаяттар, күрделі сұрақтарды шешуде мүмкіндік алып, олардың танымдық әрекеттерін белсендіру, тәжірибе жасау, бақылау, талқылаулар, шығармашылық жұмыстар орындатуға болатындығын тұжырымдаймыз.

Ғалым С.С. Измуханбетова бастауыш сынып оқушылары бойында зерттеушілік әрекеттерін қалыптастыру сатылық құрылымы іс-әрекет кезеңдерін келесі ретте береді:

- танымдық оқушылардың зерттеушілік әрекеттерін ұйымдастырудағы іс-әрекеттерді саралау, жетілдіру;
- коммуникативтік тұлғааралық байланыс деңгейінің жоғарылығы, ата-аналармен мәдени қарым-қатынасты зерттеушілік ісіне бағыттау;
- ұйымдастыру сабақта және сабақтан тыс оқушылардың зерттеушілік қарым-қатынастық мүмкіндіктерді пайдалана алу;
- құрастыру оқушылардың зерттеушілік әрекеттерін ұйымдастыру үшін қажетті позицияларды жасау, жаңа ақпаратты игеру барысында тиімді тәсілдерді жүйелей құрастыра алу [6].

Г.С. Майлыбаева, А.Д. Ансабаева еңбектерінде оқушы бойындағы ізденімпаздық қабілетті артыра түсу үшін мектеп пен отбасы арасындағы өзара әрекеттестігі негізі ортақ мақсатқа құрылу керек дегенді дәлелдейді. Яғни, бастауыш сынып оқушыларының дамуы, тәрбиесі мен тәрбиесі үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, педагогикалық процестің барлық қатысушылары арасында ынтымақтастық қарым-қатынастың қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталады [7].

Ғалым Г. Есполова бастауыштағы оқушының зерттеушілік әрекетінің ерекшеліктеріне мән беру барысында оларда қалыптасатын немесе дами түсетін неше түрлі қабілеттер орын алып, көрініс беріп, оқу-танымдық әрекеттері барысында әлем, қоршаған орта туралы және білімдік ақиқаттар мен ғылыми танымдар жайындағы шындықты танып білу үдерісіне белсендіруге мүмкіндік береді деп атап көрсетті [8]. Бұл оқушылардың зерттеушілік әрекетін ғылымилыққа жақындатады, дегенмен ерекшеліктерін сақтайды: тақырып мектеп бағдарламасы талаптарына сай анықталған және субъективті ғылыми жаңалықты ашуды болжайды, яғни зерттеуші үшін жаңашылдық болып табылатын шынайы нәтижеге қол жеткізу болып табылады.

Ғалымдар ой-пікірлерін жүйелей келе, зерттеушілік – бұл баланың жаңа білімді табуға және меңгеруге бағытталған танымдық әрекеті. Зерттеушілік дағдылар бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау, мәселелерді шешу және аналитикалық қабілеттерін дамытып, ізденімпаздық дағдыларды қалыптастыру үшін мұғалімдер оқушыларды әртүрлі жобаларға, эксперименттерге және зерттеу жұмыстарына тарту керек екендігін дәлелдейді. Мысалы, табиғат құбылыстарын бақылау, өсімдіктер мен жануарларды зерттеу сияқты практикалық жұмыстар арқылы бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік қабілеттерін дамыта алады.

Зерттеу жұмысы барысында жаңа білім өндіруге бағытталған ақыл-ой процесі ретінде анықталып, танымдық заңдылықтар мен құбылыстарды түсінуге көмектеседі. Зерттеушілік іс-әрекет оқушылардың белгісіз нәтижелерге жету мақсатында шығармашылық-зерттеу тапсырмаларын орындауын қамтамасыз ететін оқыту-тәрбиелеу жұмысының ерекше формасы болып табылады. Сонымен қатар, зерттеушілік дағды қоршаған әлемді тану, сұрақтар қою, жауап іздеу және ойларын еркін жеткізу дағдыларын дамытуға негіз болады. Бұл дағдыларды қалыптастыру оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, олардың білімін тереңдету мен жүйелеуге және практикада қолдануға зерттеушілік қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді.

Ізденімпаздық – бұл адамның жаңа ақпараттарды табуға және өз білімін кеңейтуге деген қызығушылығы. Бұл сапа адамның танымдық әрекеттерін дамытып, зерттеушілік дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Мұғалімдердің қолдауы арқылы оқушылар өз бетінше ізденуге, жаңа мәліметтер жинауға және өз білімін кеңейтуге ынталандырылады. Ізденімпаздық – шығармашылық, сыни ойлау және жаңалыққа ұмтылыс сияқты маңызды қабілеттерді дамытуға негіз болады. Сонымен қатар, оқушыларды әртүрлі ақпарат көздерін пайдалануға үйрету, мысалы, интернет ресурстары мен электрондық кітаптарды қолданып, шығармашылық қабілеттерін арттыра түсуге мүмкіндік береді.

Шығармашылық – бұл баланың жаңа идеялар мен шешімдер табуға қабілеті. Шығармашылықты дамыту үшін мұғалімдер бастауыш сынып оқушыларының әртүрлі шығармашылық тапсырмалар мен жобаларды ұсынуы керек. Мысалы, сурет салу, өлең жазу, модель жасау сияқты іс-шаралар арқылы бастауыш сынып оқушыларының өздерінің шығармашылық қабілеттерін дамыта алады. Сонымен қатар, топтық жұмыстар мен рөлдік ойындар бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық ойлауын ынталандыруға жол ашады. Жаңалыққа ұмтылуға бағыттайды.

Жаңалыққа ұмтылыс – бұл баланың жаңа нәрселерді білуге және меңгеруге деген ынтасы. Жаңалыққа ұмтылысты дамыту үшін мұғалімдер бастауыш сынып оқушыларына әртүрлі ғылыми және шығармашылық жобалар ұсынуы керек. Бастауыш сынып оқушыларын әртүрлі пәндер бойынша қызықты тақырыптарды зерттеуге ынталандырып, эксперимент жасауға, жаңа мәліметтерді талдауға және қорытынды жасауға үйретеді.

Бастауыш сынып оқушылары бойындағы зерттеушілік қабілетін арттыру мақсатында оларды әртүрлі жобаларға қатыстыру, эксперименттер жасау, және өз бетінше ақпарат іздеу дағдыларын дамыту оларға зерттеушілік дағдыларды меңгеруге көмектеседі. Осылайша, олар тек ғылыми білім алып қана қоймай, сонымен қатар өмірде кездесетін әртүрлі жағдайларды тиімді шешуге үйренеді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу әдістері мен материалдар бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын ақпараттық білім беру ортасында қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Осыған орай келесі кестеде зерттеу әдістерін ұсынамыз:

Кесте 1

Зерттеу әдістері

Зерттеу әдістері	Сипаттамасы
Сауалнама мен интервью	– Оқушылар мен мұғалімдердің пікірін анықтау үшін сауалнамалар мен интервью қолдану – Сауалнама нәтижелерін талдау және қорытынды жасау
Эксперименттер	– Оқушылардың тәжірибе жасау арқылы жаңа білім алуын қамтамасыз ету

	– Эксперимент нәтижелерін жазып, талқылау
Жобалық әдіс	– Оқушыларға нақты проблеманы зерттеу немесе шешу мақсатында жобалар жасау – Жобаның әр кезеңін жоспарлау, орындау және бағалау
Кейстік әдіс	– Оқушыларға нақты өмірлік жағдайларды шешуге бағытталған кейстер ұсыну – Кейсті талдау, шешім қабылдау және нәтижелерін талқылау
Электрондық ресурстар	– Ғылыми мақалалар, энциклопедиялар, электрондық кітаптар және интернет ресурстарын пайдалану – Ақпараттық мәліметтер базаларына қолжетімділік
Мультимедиялық құралдар	– Интерактивті тақталар, компьютерлер, планшеттер және басқа мультимедиялық құралдарды қолдану – Видеоматериалдар, аудиожазбалар және анимациялар пайдалану
Тәжірибелік жабдықтар	– Лабораториялық жабдықтар, химиялық реактивтер және басқа тәжірибелік құралдар қолдану – Практикалық жұмыстар жүргізу үшін қажетті материалдар
Әдебиеттер	– Зерттеуге арналған кітаптар, журналдар және оқу құралдары – Өртүрлі пәндер бойынша оқулықтар және нұсқаулықтар

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру – оларды білімді және шығармашыл болуға үйретудің маңызды бөлігі. Ақпараттық білім беру ортасы бастауыш сынып оқушыларын зерттеуге, сыни ойлауға және жаңа білім алуға ынталандырады.

Талдау және нәтижелер

Біз, тақырып аясында ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу барысында зерттеу, зерттеушілік, оқушы бойындағы зерттеушілік дағдыны қалыптастыру мәселесі бойынша анықтамаларға тоқталар болсақ:

– Зерттеу – бұл ұйымдастырылған жаңа білімді өндіруге, танымдық объективтік заңдылыққа және құбылыстың даму беталысына тікелей бағытталған ақыл-ой процесі;

– Зерттеушілік іс-әрекет – оқушылардың алдын ала белгісіз нәтижеге қарай шығармашылық-зерттеу тапсырмаларын шешуге бағытталған оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формасы;

– Зерттеушілік дағды – бастауыш сынып оқушыларының қоршаған әлемді тану, сұрақтар қою, жауап іздеу және өз ойын білдіру дағдыларының негізі;

– Зерттеушілік дағдыны қалыптастыру – оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытып, өзіндік жұмыстармен айналысуға, пәннің белгілі бір аймағында білімін жүйелендіруге, жинақтауға, тереңдетуге мүмкіндік береді және практикада қолдануға үйретеді.

Бастауыш сынып кезеңі осы қабілеттерді қалыптастыру үшін өте маңызды. 2 кестеде оқушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыруға дамытуға бағытталған әдістер мен ұсыныстарды береміз.

**Бастауыш сынып оқушыларының бойында зерттеушілік дағдысын қалыптастыруға
бағытталған әдістер мен ұсыныстар**

Әдіс және ұсыныс	Сипаттамасы
Сұрақ қоюды ынталандыру	– Топтық талқылаулар: Сабақ барысында өз ойларын білдіруге мүмкіндік беретін сұрақтар қою. Мысалы, «Неліктен күн шықпайды?» немесе «Өзендер қалай пайда болады?». – Сұрақтар тақтасын жасау: Әр сабақтан кейін оқушылар өздері қойған сұрақтарды жазып, келесі сабақта талқылау.
Зерттеу жобаларын ұйымдастыру	– Тақырып таңдау: Қызықты тақырыптарды таңдауға мүмкіндік беру, мысалы, өсімдіктердің өсуі, жануарлардың өмірі немесе ауа райы құбылыстары. – Қадамдық нұсқаулықтар: Зерттеу процесін жеңілдету үшін кезең-кезеңмен нұсқаулар беру: ақпарат жинау, талдау, қорытынды жасау.
Қолданбалы оқыту әдістері	– Эксперименттер: Қарапайым ғылыми эксперименттер өткізу. Мысалы, су айналымын көрсету үшін модель жасау. – Табиғатқа шығу: Оқушыларды сыныптан сыртқа шығарып, табиғатты зерттеуге ынталандыру. Мысалы, бақшада өсімдіктерді бақылау.
Ақпараттық ресурстарды пайдалану	– Кітапхананы қолдану: Кітапханаға баруға және өз тақырыптары бойынша кітаптар оқуға ынталандыру. – Интернет ресурстары: Қауіпсіз интернет ресурстарын пайдалану арқылы ақпарат жинауды үйрету.
Креативтілік пен сыни ойлауды дамыту	– Сурет салу және модельдеу: Өз зерттеулерін суреттер, коллаждар немесе модельдер арқылы көрсетуге мүмкіндік беру. – Сыни талдау: Жиналған ақпаратты талдау және оның дұрыстығын тексеру дағдыларын дамыту.
Топтық жұмыс пен ынтымақтастық	– Топтық жобалар: Шағын топтарға бөліп, бірлескен зерттеу жобаларын орындауға мүмкіндік беру. – Рөлдерді бөлу: Әр топ мүшесіне белгілі бір рөлдер беру (мысалы, ақпарат жинаушы, жазушы, суретші) арқылы ынтымақтастықты күшейту.
Жетістіктерді көрсету және марапаттау	– Презентациялар: Зерттеу жұмыстарын сынып алдында көрсетуге мүмкіндік беру, бұл оқушылардың өз жұмыстарымен мақтаныш сезімін арттырады. – Марапаттар мен сертификаттар: Белгілі бір жетістіктерге жеткен оқушыларды марапаттау арқылы олардың мотивациясын көтеру.
Үздіксіз қолдау мен кері байланыс	– Жеке кеңестер: Әр оқушының зерттеу процесін бақылап, жеке кеңестер мен қолдау көрсету. – Кері байланыс: Оқушылардың жұмыстарын қарастырып, конструктивті пікірлер беру арқылы олардың дамуына ықпал ету.

Қорытынды

Қорыта келе, бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру – оқушылардың танымдық қабілеттерін, сыни ойлау, аналитикалық қабілеттерін және мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға бағытталған маңызды компонент болып табылатындығын дәлелдейді. Бұл дағдылар жаңа білімге деген қызығушылықты арттырып, интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін дамытады. Зерттеушілік дағдыларды дамыту арқылы оқушылар өзіндік іздену және зерттеу жұмысымен айналысып, шығармашылық ойлау және мәселелерді тиімді шешу дағдыларын меңгереді. Мұғалімдердің қолдауы бұл үдерістің тиімді жүзеге асуына ықпал етеді, нәтижесінде оқушылар белсенді білім алушыларға айналады. Жоғарыда келтірілген әдістер мен тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың бойындағы зерттеушілік қызығушылығын арттырып, зерттеу дағдыларын тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мұғалімдердің қолдауы мен ынталандыруы барысында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін нығайтып, оларды белсенді білім алушыға айналдырады.

Авторлардың үлесі

Юджел Гелишли – ғылыми жетекші ретінде мақала мазмұнына және зерттеу жұмысының жаңалығы ретінде қорытып шығарылған «бастауыш сынып оқушыларының бойында зерттеушілік дағды» ұғымының авторлық анықтамасына сыни тұрғыда қарап, тиісті ұсыныстар мен өзгерістер енгізу; мақаланың жариялауға арналған соңғы нұсқасын бекіту.

Күребай Балжан Есенқызы – тақырып бойынша материалдарды жинақтап, жүйелеу; тиісті әдебиеттерді талдап, түсіндіру және аудару; зерттеу жұмысының жаңалығы ретінде «бастауыш сынып оқушыларының бойында зерттеушілік дағды» ұғымының авторлық анықтамасын қорытып шығару; мақала мәтінін оның бөліктерімен тұтастыра жазу.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2004. – 132 б.
2. Краевский В.В. Методология педагогики: пособие для педагогов-исследователей. – Чебоксары: Изд-во Чуваш. ун-та, 2021. – 244 с.
3. Бұзаубақова К.Ж. Білім берудегі инновациялық технологиялар: оқу құралы. – Тараз: ТарМПИ, 2014. – 177 б. – URL: <https://rmebrk.kz/bilim/boribekova-kazirgi.pdf> (дата обращения: 15.02.2024).
4. Сартаева Н.Т. Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыру: филос. док. PhD ... дис. – Алматы, 2019. – 182 б.
5. Текесбаева А.М. Бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымындағы өлкетану мәселесі. – Алматы, 2008. – 148 б.
6. Измуханбетова С.С. Оқушылардың зерттеушілік әрекеттері арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. дис. – Атырау, 2010. – 142 б.

7. Technology of Interaction Between School and Family in the Education of Primary School Age Children. – American Behavioral Scientist, 2023. – URL: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56127311500&origin=resultslist> (дата обращения: 12.02.2024).

8. Ыбыраимжанов К.Т., Есполова Г.К. К вопросу об исследовательской деятельности обучающихся. – Торайғыров университетінің Хабаршысы, ISSN 2710-2661, Педагогикалық сериясы, № 3, 2020. – 581 б.

Юджел Гелишли¹, Б.Е. Күребай²

^{1,2}Гази университет, Анкара, Турция

Формирование исследовательских навыков у учащихся начальных классов

Аннотация. В статье подробно обсуждается проблема формирования исследовательских умений младших школьников в информационной образовательной среде. Отмечается, что через формирование исследовательских навыков учащиеся начальных классов развивают критическое мышление, аналитические способности и навыки решения проблем, при поддержке учителей участвуют в научных проектах, экспериментируют и осваивают методы поиска собственной информации. Отмечается, что этот процесс повышает их интерес к новым знаниям и способствует развитию интеллектуально-творческого потенциала, что развитие любознательности, творчества и стремления к новизне имеет решающее значение для становления младших школьников как личности, тем самым осуществляется повышение познавательных интересов учащихся и стимулирование к активному обучению.

Также рассматриваются вопросы исследования, любознательности, творчества и стремления к открытиям, и показано, что их развитие важно на этапе начальной школы, а также показано, что исследовательские способности учащихся начальной школы развиваются с помощью методов участия в исследовательских проектах, проведения экспериментов и поиска собственной информации.

Данная научно-исследовательская работа рассматривает вопросы исследования, исследовательской деятельности и формирования исследовательских навыков у учащихся. Исследование определяется как процесс, направленный на получение новых знаний, который помогает понять познавательные закономерности и явления. Исследовательская деятельность представляет собой особую форму образовательной и воспитательной работы, которая обеспечивает выполнение творческо-исследовательских задач учащимися с целью достижения неизвестных ранее результатов.

Ключевые слова: начальные классы, исследовательские навыки, информационно-образовательное обучение, критическое мышление, творчество, образовательный процесс, стремление к новшествам

Yücel Gelişli¹, B.E. Kurebay²
^{1,2}Gazi University, Ankara, Turkey

Formation of research skills among primary school students

Abstract. The article discusses in detail the problem of the formation of research skills of younger schoolchildren in the information educational environment. It is noted that through the formation of research skills, primary school students develop critical thinking, analytical and problem-solving skills, participate in scientific projects with the support of teachers, experiment and master methods of searching for their own information. It is noted that this process increases their interest in new knowledge and promotes the development of intellectual and creative potential, that the development of curiosity, creativity and the desire for novelty is crucial for the formation of younger schoolchildren as a personality, thereby increasing the cognitive interests of students and stimulating active learning.

The issues of research, curiosity, creativity and the desire for discovery are also considered, and it is shown that their development is important at the stage of elementary school, and it is also shown that the research abilities of elementary school students are developed through methods of participating in research projects, conducting experiments and searching for their own information. This scientific research work addresses the issues of research, research activities, and the development of research skills in students. Research is defined as a process aimed at acquiring new knowledge, helping to understand cognitive patterns and phenomena. Research activities represent a special form of educational work that ensures the implementation of creative and research tasks by students to achieve previously unknown results.

Keywords: primary school, research skills, information and educational training, critical thinking, creativity, educational process, striving for innovation

Reference

1. Qazaqstan Respublikasynyń «Bilim turaly» Zańy [Law of the Republic of Kazakhstan “On Education”]. – Astana, 2004. – 132 b.
2. Kraevskiy V.V. Metodologiya pedagogiki: posobie dlya pedagogov-issledovateley [Methodology of Pedagogy: A Guide for Pedagogical Researchers]. – Cheboksary: Izd-vo Chuvash. un-ta, 2021. – 244 p.
3. Búzaýbaqova K.Zh. Bilim berýdegi innovatsialyq tehnologialar: oqý quraly [Innovative Technologies in Education: A Textbook]. – Taraz: TarMPI, 2014. – 177 b. – URL: <https://rmebrk.kz/bilim/boribekova-kazirgi.pdf> (Accessed: 15.02.2024).
4. Sartaeva N.T. Aqparattyq tehnologialar negizinde bastayýsh synyp oqýshylarynyń zertteýshilik is-äreket motivatsıasyn qalyptastyry ý: filos. dok. PhD ... dis. [Formation of Research Motivation of Primary School Students Based on Information Technologies: PhD Dissertation]. – Almaty, 2019. – 182 b.
5. Tekesbaeva A.M. Bastayýsh synyp oqýshylarynyń dúnietanýyndagy ólketanı mäselesı [Local History Issues in the Worldview of Primary School Students]. – Almaty, 2008. – 148 b.
6. Izmuhanbetova S.S. Oqýshylardyń zertteýshilik äreketteri arqyly kommúnikativtiq qúzyretteiligin qalyptastyrydyń pedagogikalyq sharttary: ped. gyl. kand. dis. [Pedagogical Conditions for the Formation of Students' Communicative Competence through Research Activities: PhD Dissertation]. – Atyrau, 2010. – 142 b.

7. Technology of Interaction Between School and Family in the Education of Primary School Age Children. – American Behavioral Scientist, 2023. – URL: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56127311500&origin=resultslist> (Accessed: 12.02.2024).

8. Ybyraimzhanov K.T., Espolova G.K. K voprosu ob issledovatel'skoy deyatelnosti obuchayushchikhsya [On the Issue of Research Activities of Students]. – Bulletin of Toraighyrov University, Pedagogical Series, No. 3, 2020, p. 581.

Авторлар туралы мәлімет:

Юджел Гелишли – доктор, профессор, Гази университеті, Анкара, Түркия.

Күребай Балжан Есенқызы – докторант, корреспондент автор, Гази университеті, Анкара, Түркия, Анкара провинциясы, Йенимахалле, Эмниет, Бандирма көшесі 6/1А.

Сведения об авторах:

Юджел Гелишли – доктор, профессор, Университет Гази, Анкара, Турция.

Күребай Балжан Есенқызы – автор для корреспонденции, докторант, Университет Гази, Анкара, Турция, Провинция Анкара, Йенимахалле, Эмниет, улица Бандырма, 6/1А.

Information about authors:

Yücel Gelişli – Doctor, Professor, Gazi University, Ankara, Türkiye.

Kurebay Balzhan Yesenkyzy – corresponding author, doctoral student, Gazi University, Ankara, Türkiye, Ankara Province, Yenimahalle, Emniyet, Bandirma Street 6/1A.